



ПРИМА ҚОБЫЗҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДА ШЫҒЫС ЛАДТАРЫНЫҢ ОЙНАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Айғаным Шұғай¹, Айзада Бултбаева²

^{1,2}Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы (Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада прима-қобыз репертуарында шығыс мақамдарының қолданылу және ойналу ерекшеліктері талданады. Зерттеу нысаны ретінде Ермұрат Усеновтің «Шығыс бии» және Рустам Сабировтың «Шығыс кеші» атты шығармалары алынып зерделенеді. Шығармаларда шығыс мақамдары маңызды көркемдік құрал ретінде қолданылып, репертуардың стильдік аясын кеңейтіп, орындаушылық мүмкіндіктерін түрлендіреді. Қазіргі заман музыканттары бұл шығармаларда дәуірге тән орындаушылық нормалар мен авторлық даралықты айқындайтын фактуралық, аппликатуралық және артикуляциялық тәсілдерді қолданады. Мұндай тәсілдер қобызшыларға шығыс мақамдарын шығармашылық тұрғыда интерпретациялауға мүмкіндік беріп, аспаптың орындаушылық мектебінің дамуына үлес қосуда. Сонымен қатар, бұл шығармалар заманауи өнерде шынайылық, поэтикалық және символдық қырлары арқылы мәдени мұра мен жеке тәжірибе арасындағы өзара байланысты зерделеуге жол ашады. Осыған байланысты мұндай орындаушылық тәжірибені *зерттеу өзекті* мәселе болып табылады. *Зерттеудің мақсаты* – шығыс ладтарының шығармаларда қолданылу және орындалу ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдау арқылы олардың қобыз аспабының ұлттық болмысына ықпалын анықтау. *Зерттеу әдістері* ретінде музыкалық талдау мен жүйелі әдеби шолу таңдалды, бұл әдістер репертуардың стильдік және орындаушылық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде шығыс мақамдарына негізделген шығармалардың орындаушылық интерпретациясы прима-қобыз техникасын жетілдіретіні, стильдік кеңістікті кеңейтетіні және орындаушылардың көркемдік ойлауын дамытатыны анықталды. *Зерттеу нәтижелері* дәстүрлі интонация мен заманауи көркемдік тіл арасындағы сабақтастықты көрсете отырып, жаңа музыкалық шығармалар жазуға бағыт-бағдар болады, сонымен қатар, орындаушылардың интерпретациялық мүмкіндіктерін дамытуға, интонациялық, аппликатуралық және артикуляциялық тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: прима қобыз, репертуар, бірегейлік, шығыс мақамдары, орындаушылық техника, интерпретация, импровизация, мәдени код.

Дәйексөз үшін: Шұғай, Айғаным және Бултбаева Айзада. «Прима қобызға арналған шығармаларда шығыс ладтарының ойналу ерекшелігі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.1, №2, 2025, 205–219 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i2.1050

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді

Кіріспе

Шығыс мақамы аспаптық музыкада, әсіресе скрипкаға арналған музыкалық шығармаларда көптеп кездеседі. Мысалы, Римский-Корсаков «Шехеразада» сюитасы, Арам Хачатурян скрипкаға арналған концерт шығармаларда шығыс мақамдарының элементтері қолданылып, сол арқылы орындаушыларға таныс болып келеді. Композиторлардың шығыс мақамын қолдануының себебі өз шығармаларына жаңа серпін беру үшін болса керек, ал орындаушылар үшін жаңа стиль, жанр, интерпретация дамытуда жақсы әдістемелік негіз болып табылады. Себебі, шығыс мақамдары шығыс эстетикасының көрінісін береді. Алайда еуропалық композициялық қағидалар аясында шығыстық мақам көбінесе тек «цитата» ретінде пайдаланылып келгені байқалады. Бұл жағдай зерттеуші Эдвард Саид атап өткендей, Батыс адамының Шығыс мәдениетін тек өз интерпретациясы тұрғысынан қабылдау эффектін тудырады (37). Осыған байланысты, мәдени мұраны пайдалану барысында сол мәдениетке тән ішкі заңдылықтарды сақтай отырып шығарма жазу мен оны орындау композиторлар мен орындаушылар алдында тұрған маңызды моральдық әрі шығармашылық жауапкершілік болып табылады.

Прима қобыз репертуарында қазақтың дәстүрлі күйлері мен халық әндерінің өңдеулері мен бейімдеулері көп кездеседі (Жунусова және басқалары, 226-227). Аспаптың төл репертуарын қалыптастыруда композиторлар түбі бір түркі елдерінің музыкалық мұрасына қарай бағыт ала бастады. Бұл үрдістің қобыз репертуарын интонациялық, техникалық дамуына әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар, мәдениет саласында интеграциялану үрдісіне үлес қосуда. Қазақстан композиторларының шығыс мақамын қолдану ерекшелігі және осы шығармаларды орындаушылардың интерпретациялауы зерттеу жұмысымыздың өзегі болып табылады. Қарастырылған шығармаларда түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы саналатын шығыс мақамдарының композиторлық және орындаушылық тұрғыда жүзеге асу ерекшеліктері айқын көрініс табады.

Осы контекстте зерттеу жұмысының мақсаты – прима қобызға арналған шығармалардағы шығыс ладтарының қолданылу мен орындалу ерекшеліктерін анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- 1) шығармалардың фактура (дыбыстық құрылым)-артикуляциялық (дыбыстық құрылым мен артикуляция) ерекшеліктерін айқындау;
- 2) шығармалардың фактура-

аппликатуралық (дыбыстық құрылым мен орындаушылық техника) ерекшеліктерін талдау;

3) шығармалардың фактура-интонациялық (дыбыстық құрылым мен интонациялық сипат) ерекшеліктерін саралау.

Әдістер

Аталмыш зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді орындау мақсатында музыкалық талдау және жүйелі әдеби шолу сияқты ғылыми әдістер қолданылды.

Музыкалық талдау — шығарманың құрылымын, интонациялық ерекшеліктерін және техникалық тәсілдерін зерделеу үшін қолданылды. Зерттеу жұмысының басты мақсаты шығармалардағы шығыс ладтарының қолданылу ерекшелігін және олардың орындаушылық техникаға тигізетін ықпалын айқындау болғандықтан, бұл әдістер өзекті әрі қолайлы болып саналады. Олар шығарма құрылымы мен оның техникалық мүмкіндіктерін пайдаланудағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, музыкалық талдаудың екі негізгі мақсаты бар. Біріншісі — музыкалық шығарманың құрылымының қалай жұмыс істейтінін және оның белгілі бір тарихи кезеңдегі эстетикалық ерекшеліктерін түсіну. Екіншісі — орындаушыларға музыкалық стильді практикалық тұрғыдан меңгеруге көмектесу (White, 2-бет).

Жүйелі әдеби шолу (systematic literature review) — қазіргі ғылыми зерттеулерде жиі қолданылатын әдістердің бірі. Бұл әдіс зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес шығыс ладтары мен қазақ музыкалық мұрасы арасындағы өзара байланыс туралы осы уақытқа дейінгі ғылыми еңбектерге терең үңілуге және қарастырылып отырған мәселе төңірегінде тың мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Зерттеуші Ханна Снайдердің (Hannah Snyder) пікірінше,

жүйелі әдеби шолудың мақсаты алдын ала белгіленген зерттеу сұрағына сәйкес келетін барлық эмпирикалық дәлелдерді анықтау арқылы белгілі бір ғылыми сұраққа немесе гипотезаға жауап беру. Зерттеу материалдарын ғылыми мақалалар мен қолжетімді деректерді қарастыру барысында нақты әрі құрылымдалған әдістерді қолдану көзқарас бұрмалануын (bias) барынша азайтуға ықпал етеді (334). Жүйелі әдеби шолу — белгілі бір тақырып немесе ғылыми мәселе бойынша бұрын жүргізілген зерттеулер мен жарияланымдарды жинақтап, құрылымдық талдау әдісі болып табылады. Бұл тәсіл зерттеу мәселесі жөнінде жан-жақты түсінік қалыптастыруға және теориялық негізді нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысына материал ретінде Ермұрат Үсеновтың «Шығыс биі» және Рустам Сабировтың «Шығыс кеші» атты шығармалары таңдап алынды. Бұл шығармалардың таңдалу себебі — қобызшылар репертуарында жиі орындалатын туындылар қатарында жататындығы. Алынған материалдар музыкалық талдау әдісі арқылы сараланып, жүйелі әдебиеттер шолу әдісі негізінде зерттеу міндеттеріне сай талданды.

Нәтижелер

Прима қобызға арналған Ермұрат Үсенов «Шығыс биі» шығармасының музыкалық анализі

Шығарма бірнеше тақырыптан тұрады және құрылымы бойынша сегіз тактілі біртұтас формада жазылған. Құрылым келесідей:

Кіріспе — А — А1 — В — В1 — А1 — А

Шығарма кіріспе төрт тактысы фортепианоның сүйемелдеу партиясымен тез екпінде пунктирлі ритммен және триольдің қосақталуы арқылы басталып, 5-тактіден бастап А тақырыбы орындалады, аталмыш ритмикалық сурет



1 сурет. Ермұрат Үсенов, «Шығыс биі», кіріспенің бірінші бөлімі

шығыс музыкасына тән болып есептеледі (1 сурет).

13-тактіден А1 тақырыбы басталады, бұл тақырыптың А тақырыптан ерекшелігі Ми минордың төменгі тетраходдың жоғарғы дыбысынан (ля дыбысынан) секунда интервалы арқылы секвенция (әуеннің әртүрлі регистрде қайталануы) құрай отырып, төмен қарай жылжуы еді. Мұндай техника шығыс мақамдарында жиі кездеседі (2 сурет).



2 сурет. Ермұрат Үсенов, «Шығыс биі», негізгі бөлімнің тақырыбы

21-тактіден бастап В тақырыбы естіледі, бұл тақырыптың алғашқы екі тақырыптан ерекшелігі екі тактілік мотивтен басталатын әуен пентатоникалық ладқа негізделген (3 сурет).

29-тактіден бастап В1 тақырыбы алдыңғы тақырыпқа ұқсас келеді, алайда бұл тақырыпта әуен негізгі шығыс



3 сурет. Ермұрат Үсенов, «Шығыс биі», екінші бөлімінің тақырыбы

мақамына әртүрлі вариациялық түрде қайта қайталады (4 сурет):



4 сурет. Ермұрат Үсенов, «Шығыс биі», екінші бөлімінің вариациясының басталуы

37-тактіден бастап А1 тақырыбы да вариациялық өзгешілік қолдану арқылы орындалады (5 сурет):



5 сурет. Ермұрат Үсенов, «Шығыс биі», негізгі бөлім тақырыбының вариациясының басталуы

Ал 45-тактіден бастап А тақырыбы қайтадан орындалып, шығарма аяқталады.

Рустам Сабировтың «Шығыс кеші» шығармасының музыкалық анализі

Бұл шығарма да бірнеше тақырыптан тұрады және құрылымы бойынша біртұтас сегіз тактілі периодтан тұратын формаға ұқсағанымен, шығыс мақамының негізінде жазылған. Құрылым келесідей:

Кіріспе – А (9–24) – А1 (25–32) – В (33–40) – В1 (41–48) – Қайталау (В, В1).

Шығарманың кіріспе сегіз тактысы фортепианоның сүйемелдеу партиясымен орташа екпінде басталады. 9-шы тактан басталатын негізгі әуен шығарманың басты тақырыбын құрайды. Ол шығыстық стильге тән келесі ерекшеліктердің арқасында орындалған:

– Раст мақамын қолдану, мұнда интервалдық құрылымға тән секундалармен (кіші және үлкен), кварта және квинта (негізгі мотив) жүрістерімен ерекшеленеді.

– Орнаменталдық элементтерді (форшлаг, трель) қолдану шығыстық экспрессияның әсерін күшейтеді.

– Әуен созылыңқы, әндете орындалатын сипатқа ие, бұл шығыс аспаптық музыкасының импровизациялық дәстүрлерін көрсетеді.

– Гармониялық фонын қарастырсақ, сүйемелдеудегі гармония салыстырмалы түрде статикалық, бұл мелодиялық сызықтың маңыздылығын ерекше көрсетеді. Сүйемелдеудегі хроматизмдер шығыстық реңкті арттырады. Альтерациялар мен секвенциялар (әсіресе 14–17 такттарда) импровизациялық еркіндік пен икемділіктің әсерін қалыптастырады.

– Шығармадағы әуеннің ритмикалық ұйымдастырылуы бірқалыпты және еркін, бұл кантиленалық (әндете) әуен әсерін тудырады. Негізгі әуен қысқа мотивтерден құралып, олар вариацияланып дамиды, бұл шығыстық музыкалық форма дәстүріне сәйкес келеді, себебі вариация принципі басым. Мотивтер көбіне төмендейтін интонациялық жүрістерден тұрады (мысалы, D–C#–Bb) және мелизматикалық әшекейлерден құралған. Мотивтердің қайталануы динамика мен регистр өзгерістерімен бірге жүреді және бұл шығарманың экспрессивтілігін арттырады. Шығармадағы динамикалық дамудың айқын көрінісі 9-шы такттан 17-ші тактқа дейінгі интенсивтіліктің біртіндеп артуы (*crescendo*), бұл драмалық дамудың әсерін туғызады. Динамикалық реңктердің қолданылуы да шығыс музыкасына тән ерекшеліктермен үндес, мұнда экспрессия дыбыс деңгейінің контрасты арқылы жеткізіледі.

Талқылау

Қарастырылған шығармаларда келесі ерекшеліктер байқалды: шығармалардың әуені шығыс мақамына негізделген, алайда композиторлар мақамды әуенді құрастыру үшін ғана пайдаланып,

батыстық формаға салған. Ал шығыс мақамдарының ладтық тональдық ерекшеліктері импровизация мен вариацияға негізделетіні белгілі. Бұл орындаушы мен тыңдаушы арасындағы белсенді қарым-қатынас туғызады. Шығыс мақамында кездесетін үйлесімнің (лад) түрлері раст, шираз, хусейни болып бөлінетінін және бұл үйлесімдердің шығыс музыка эстетикасында арнайы музыкалық эффект алатынын ескерсек (Sazer 117), аталмыш шығармаларда бұл үйлесімдер қолданылған.

Зерттеуші Окан Өзтүрік (Öztürk, 1771) мақам ұғымын кеңістік пен қозғалыс категорияларымен тығыз байланыста қарастыра отырып, оны музыкалық және философиялық-рухани контекстерде түсіндіреді. Оның пікірінше, мақам — араб тіліндегі *maqam* сөзінен шыққан, бұл сөз «орын», «орналасу», «жағдай/күй», «тоқтау нүктесі», «баспалдақ/самы» деген мағыналарды білдіреді. Мақам ұғымы қандай контексте қолданылса да, ол кеңістік (*space*) және қозғалыс (*motion*) түсініктерінен бөлек қарастырылмайды. Бұл ұғым — музыкалық кеңістіктегі белгілі бір қозғалыстың басталуы, дамуы және аяқталуы секілді референттік нүктелерге негізделген таным моделі.

Автор мақам ұғымының тек музыкалық емес, сонымен қатар, сопылық ілімде де қолданысқа ие екенін көрсетеді. Сопылық терминологияда мақам — Құдайға жету жолындағы рухани дамудың белгілі бір «аялдау нүктелері» немесе «рухани баспалдақтары» ретінде түсіндіріледі. Осы контексте мақам «тоқталған / жеткен / орныққан орын» деген мағынада, яғни рухани немесе музыкалық кеңістікте нақты бір мекеннің символы ретінде қабылданады. Музыка теориясы тұрғысынан, бұл ұғым музыкалық кеңістіктегі белгілі бір дыбыстық нүктемен — пердемен немесе тонмен байланыстырылады. Егер әуен ұғымы музыкадағы *қозғалыс*

ретінде қарастырылса, онда *мақам* осы қозғалыстың *тоқтау, орнығу, тынығу* сәттерін айқындайтын дыбыстық пернелер (*frets/tones*) болып табылады. Зерттеушінің классификациясы бойынша, дәстүрлі түркі музыка теориясында мақамды анықтайтын екі негізгі фактор бар:

1. *Пернелердің* музыкалық аспаптар мойнындағы орналасуы. Бұл жерде мақам әрбір перденің орны мен дыбысына тікелей байланысты, сондықтан орындаушылар үшін мақам «ішек — перде — саусақ» жүйесі ретінде түсіндіріледі. Бұл тәсіл XIV ғасырға дейін кеңінен таралған *перде* ұғымына сүйенеді.

2. *Дәстүрлі екі октавалық тон жүйесіндегі мақамдардың орналасуы*. Мұнда *ағаш пердесі* (бастапқы тон) мен *қарар пердесі* (аяқтау тоны) ерекше мәнге ие. Мақам осы екі дыбыс арасындағы әуендік қозғалыс сипатына (сейір — *seyig*) байланысты сипатталады. XV ғасырдан бастап қарар — әуеннің тоқтау, орнығу орны ретінде мақамды анықтайтын негізгі белгіге айналды. Осыған байланысты «тоқтау», «тынығу», «келіп отыру» сияқты сипаттамалар да қарар ұғымымен астасып жатыр (Öztürk, 1772-1773)

Жалпылай алғанда, Окан Өзтүрік мақамды музыкадағы кеңістік-уақыттық құбылыс ретінде қарастырып, оны эстетикалық әрі құрылымдық жүйе ретінде пайымдайды. Бұл түсінік мақамды тек дыбыстық қатар емес, интонациялық, орындаушылық және рухани бағыттағы күрделі тұтас құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осындай мақамдарға негізделген шығармаларда артикуляциялық тәсілдер (легато, стаккато, акцент, орнаменттер) музыка экспрессиясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. «Шығыс кеші» шығармасында кантиленалық әуендер форшлаг пен трельдер арқылы айқындалып, интерпретациялық мүмкіндіктерді кеңейтеді. Бұл шығыстық

экспрессивтілікке тән артикуляциялық реңкті күшейтеді. Жалпы шығыс музыкасын орындағанда орындаушының шығыс мақамдарының қолданылу тәртібімен таныс болғаны абзал, себебі бұл түсінік орындаушының музыка эстетикасын жақсы түсініп, дұрыс интерпретациялауына көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеуші Узейир Гаджибековтің пікірінше, XIV ғасырда Таяу Шығыс халықтарының рухани-мәдени кеңістігінде музыка теориясы мен практикасының даму үдерісі құрылымдық тұрғыдан кемелденіп, он екі мақам мен алты аваздан тұратын теориялық жүйе түрінде қалыптасты. Бұл күрделі жүйе кеңістіктік және өркениеттік ауқымда — Андалусиядан Қытайға дейін, Орталық Африкадан Кавказға дейін таралып, «музыкалық ғимарат» бейнесінде сипатталады. Аталған «музыкалық құрылымды» қалыптастыруда әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна), әл-Қинди сынды энциклопедист-ойшылардың теориялық үлесі айрықша. Он екі мақам — Ушшак, Нава, Буселик, Раст, Ирак, Исфаган, Зирафкенд, Бозург, Зангуле, Рахави, Усейни, Хиджаз; ал алты аваз — Шахназ, Майе, Селмек, Новруз, Гердание, Кувашт — құрылымның ішкі жіктелісін анықтады. Алайда XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырда орын алған әлеуметтік-саяси өзгерістер бұл жүйенің күйреуіне әкелді. Нәтижесінде әр халық өзіне тән музыкалық үлгі қалыптастырып, мақамдар атауы мен құрылымында өзгерістер пайда болды: кейбір мақамдар бөлімге айналса, кей бөлімдер дербес мақам ретінде қалыптасты. Бұл атаулардың семантикалық мәні де халықтар арасында әртүрлі мағынада қолданылды. Дегенмен, барлық тарихи трансформацияларға қарамастан, Раст мақамы өз жүйесін, құрылымын және тоникасын сақтап қалды. Бұл мақамның тұрақтылығы — оның логикалық негізінің беріктігімен түсіндіріледі. Көптеген ғалымдар Раст мақамын «мақамдардың анасы» деп

сипаттайды. Таяу Шығыс халықтарының барлығында бұл макам кіші октаваның соль дыбысына негізделген (10).

Антикалық дәуірдегі пайымдаулар бойынша, жеті аспан денесі жеті дыбыспен сәйкестендірілген. Бұл сәйкестіктер Пифагордың музыкалық философиясында көрініс тапқан:

Грекше:

1. ми – Ай
2. фа – Меркурий
3. соль – Шолпан
4. ля – Күн
5. си – Марс
6. до – Юпитер
7. ре – Сатурн

Араб-иранша:

1. Нава
2. Буселик
3. Раст
4. Ирак
5. Ушшак
6. Зирафкенд
7. Рахави

Осылайша, макам «Раст» тек теориялық категория ғана емес, ғасырлар бойы тұрақтылық пен музыкалық сәйкестіктің символы болып келеді (Гаджибеков, 12).

Шығармалардың ритмдік ерекшелігін қарастырсақ, қысқа ноталар мен синкопалар басым, яғни пульсация мен қуаттану сезімін қалыптастыру үшін пайдаланылған. Сонымен қатар, шығармаларда секвенциялар көбірек пайдаланылған. Бұл тәсіл музыканың құрылымын бірқалыпты ете отырып, біртұтас жүйеге негізделген цикл құрастыру үшін қолданылған. Бұл жерде секвенциялар циклдік даму үшін қолданылған және зерттеуші Асия Мұхамбетованың классификациясына сәйкес, музыкадағы «уақыттың кеңістікке тәуелділігі көне түркілік субстрат» болып есептеледі (75). Бұл, өз кезегінде шығарманың түркі музыкалық мәдени мұрасы ретінде позициялануын көрсетеді, ал зерттеуші Уолтер Фэлдман (Walter Feldman) бұл жүйені «түркі-моңғол

мәдени мұрасы» деп атап көрсетеді (29). Әсіресе, өзбек-тәжік макомдары, әзірбайжан мугамдары, ұйғыр және түрікмен (аспаптық нұсқалары) мақамдары ірі циклдік формалар бола отырып, олардың әр бөлігі белгілі бір ладты бекітумен байланысты, олар интонациялар мен әуендердің реттелген жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл құбылысқа орындаушылық аспектіден қарайтын болсақ, талдауға алынған шығармалар бірінғай интонациялық формалық жүйеге негізделген шығарма ретінде құндылық қалыптастыра алған туындылар болып есептеледі.

Шығармаларды жанр жағынан қарастырсақ, Ермұрат Үсеновтың шығармасы би жанрына сәйкес және стилистикалық ерекшелігі орындаушыдан виртуозды техниканы талап етсе, Рустам Сабиловтың «Шығыс кеші» шығармасы шығысқа тән философиялық музыкалық кеңістік тугызу мақсатында айрықша артикуляция мен эмоционалды әсерлілікті талап етеді.

Шығарманың функционалдық ерекшелігіне келсек, аталған туындылар фортепиано сүйемелдеуі арқылы орындалатын прима қобызға арналған шығарма. Бұл шығармаларды *агогика* элементтерін (Хюго Рима¹ енгізген ұғым, еркін орындауды білдіреді) қолдану арқылы, шапшаңдатып немесе тежеп орындауға болады, себебі шығарма текстурасы мұндай интерпретацияға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шығыстық интонациялық құрылым – төмендейтін дыбыс қатарлары, ладтық тұрақтылық пен секвенциялық дамудың басымдығы арқылы айқындалады. Мақамдық ладтар (раст, хусейни, шираз) мен пентатоникалық элементтер шығармалардың шығыстық реңкін

¹Riemann, Hugo. *Musikalische Dynamik und Agogik: Lehrbuch der musikalischen Phrasierung auf Grund einer Revision der Lehre von der musikalischen Metrik und Rhythmik*. F. Kestser, 1884.

күшейтеді. Бұл интонациялар қазақтың ұлттық интонациялық формулаларымен де үндес келеді.

Аспап техникасының дамуына алуан түрлі шығармалардың репертуарда болуы негізгі себептердің бірі болып табылады. Екі шығармада да орындаушыға жоғары техникалық талаптар қойылады. «Шығыс биі» шығармасында жылдам темп пен секвенциялық қозғалыс позицияны жиі ауыстыруды қажет етеді. Әсіресе, триоль мен пунктирлі ырғақтарды үйлестіру саусақ техникасының икемділігін талап етеді. Мұндай құрылым прима қобыздың аппликатуралық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Әсіресе, шығыс мақамында жазылған шығармалар орындаушыға интерпретация, стилистика және техника дамытуға үлкен мүмкіншілік береді, себебі шығыс мақамдары импровизация мен вариациялар жасауға қолайды болып келеді. Прима қобызы мен фортепианоға арналған бұл шығармалар Шығыс және Батыс музыкалық дәстүрлерінің синтезінің айрықша көрінісі болып табылады.

Жалпы алғанда, прима қобыз репертуарында Таяу Шығыс музыкасының стильдерін орындау дәстүрі жүйелі түрде қалыптаспаған. Бұл жағдай шығыс музыкалық туындыларын орындауды едәуір қиындатады. Таяу Шығыс музыкасы әртүрлі модальды жүйелерге негізделіп, оның ішінде ширек тондарды қамтитын тетракордтардан (төрт дыбыстан тұратын қатарлар) тұрады. Бұл күрделі музыкалық стильге лайықталған орындаушылық әдістің болмауы үйренушіні тек есту арқылы үйренуге және имитация арқылы меңгеруге итермелейді. Ал қазіргі таңда бұл тәжірибе, негізінен, жазылған материалдарды тыңдау арқылы жүзеге асырылады. Өз кезегінде, мұндай үдеріс орындаушылардың импровизацияға оралуына алып келеді. Себебі шығармалар шығыс мақамдарының ладтық ерекшеліктерін пайдалана отырып, қазақтың ұлттық музыкасына тән интонациялар мен ырғақтық

өрнектерді де жаңартады. Соның арқасында бұл туындылар тек музыкалық қана емес, мәдени мұраның бір бөлігін құрап, мәдени кодқа айналады. Осы орайда, мақаланың ғылыми жаңалығы шығыс мақамдарының аспапта ойналу ерекшелігін айқындап, мәдени мұрасына назар аударуға ықпал етеді.

Негізгі тұжырымдар

1. Прима қобыз репертуарындағы шығыс мақамдарымен жазылған шығармалар аспапта ойнау техникасының жан-жақты дамуына көмектеседі және прима қобыз аспабында орындаушылық стильдердің әртараптануына ықпал етеді, адамзатқа ортақ мәдени мұрадан сусындауға мүмкіндік береді.

2. Шығыс мақамдарында жазылған шығармаларды орындауда аталмыш мақамдардың қолданылу тәртібін білу орындаушыға интерпретация жасауда үлкен көмегін тигізеді, себебі мақамдардың функциясы шығыс эстетикасымен және шығыс мәдени мұрасымен тығыз байланысты.

3. Мақамдарды орындауда агогиканы пайдалану орындаушылық интерпретацияны дамытудың жолы болып табылады, себебі композиторлар жазған шығармалар да шығыс музыкасына тән импровизация мен вариацияға негізделмеген.

4. Мақамдардың нақышын білу орындаушының шығыс музыкасын түйсінуге, эстетикасын түсінуге және орындауда жаңа стилистикалық ерекшеліктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының мақсаты ретінде қойылған *прима қобызға арналған шығармалардағы шығыс ладтарының қолданылу ерекшеліктерін анықтау* міндеті толығымен жүзеге асқан деп айтуға болады. Бұл қорытындыны төмендегі дәлелдермен негіздеуге болады:

1. *Фактура-артикуляциялық ерекшеліктерді айқындау* міндеті нақты талдау барысында ашылды. Мысалы, Р.Сабиrowтың «Шығыс кеші» шығармасында артикуляциялық айқындық, кантиленалық әуен, орнаменттер мен динамикалық реңктерді қолдану арқылы шығарманың экспрессивті сипаты көрсетілді.

2. *Фактура-аппликатуралық ерекшеліктерді талдау* міндеті де орындалған. Екі шығармада да прима қобыз бен фортепианоның техникалық өзара іс-қимылы, тембрлік тепе-теңдік пен виртуоздық элементтерді қолдану арқылы орындаушылық техникаға қойылатын талаптар жан-жақты талданды.

3. *Фактура-интонациялық ерекшеліктерін саралау* міндеті терең қарастырылған. Екі шығармада да шығыс мақамдарының ладтық-интонациялық негіздері (раст, хусейни, шираз және т.б.) талданып, олардың интонациялық формалық құрылымға, экспрессияға және стильдік сипатқа әсері көрсетілді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында тек музыкалық құрылымға ғана емес, мәдени-эстетикалық контекстке де баса назар аударылды. Бұл тәсіл зерттеудің теориялық тереңдігін және қолданбалы маңыздылығын арттырады. Шығармаларға жүргізілген музыкалық талдау мен салыстырмалы интерпретация мәселелері ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдермен негізделді.

Прима қобыз аспабының дамуына репертуардың әсері зор. Осы орайда төл шығармалардың алуан түрлілігі аспаптың тек техникалық дамуына септігін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар, ұлттық аспап ретінде қалыптасуына көмектеседі. Рустам Сабиrow пен Ермұрат Үсеновтың шығармалары аспаптың шығыс музыкалық мұрасымен сусындауына мүмкіндік бере отырып, орындаушының стилистикалық ерекшеліктерді біліп, жан-жақты дамуына ат салысады. Ермұрат Үсенов

пен Рустам Сабиrowтың шығармалары әлеуметтік және мәдени тұрғыдан маңызды, себебі олар шығыс пен қазақ музыкасының терең байланыстарын көрсетіп қана қоймай, ұлттық музыкалық мұраның болашағына жол ашады. Бұл шығармалар Қазақстанның мәдени мұрасын сақтаудың, дамытудың және әлемге танытудың тиімді құралы болып табылады. Орындаушылар мен зерттеушілер үшін бұл туындылар ұлттық және шығыстық музыкалық ерекшеліктерді түсіну мен жеткізуге мүмкіндік беретін құнды материал болып қала береді.

Шығыс мақамдары қазақтың дәстүрлі музыкасына жақын болғандықтан, бұл шығармалар түркі және шығыс музыкалық мұраларын интеграциялаудың жарқын үлгісі болып табылады. Түркі халықтарындағы циклдік формалар, секвенциялар, ладтық құрылымдардың ұқсастығы шығармаларда көрініс тапқан. Бұл қазақ композиторларының музыкалық тілінің кеңдігі мен шығыс мәдениетіне ортақ эстетикалық құндылықтарды сезіну қабілетін көрсетеді. Шығармалар қазақ халқының музыкалық мәдениетіндегі шығыс әсерлерін сақтап қана қоймай, оны жаңа көркемдік деңгейге көтереді.

Дегенмен, орындаушы үшін бұл шығармаларды интерпретациялау барысында шығыс мақамдарының тарихы мен эстетикасын терең түсіну маңызды. Шығыс мақамдары көбіне импровизациялық еркіндікті талап етеді, ал бұл шығармаларда композиторлар импровизациялық элементтерді композициялық құрылымға енгізіп, оны жүйелеген. Мұндай ерекшеліктер орындаушыдан тек техникалық емес, сонымен қатар, тарихи-мәдени контексті терең түсінуді талап етіп, ұлттық және шығыстық музыкалық элементтерді заманауи формада қолданудың үлгісін көрсетеді. Бұл бағыт ұлттық музыкалық дәстүрлерді сақтау мен жаңғырту арасындағы тепе-теңдікті табуға көмектеседі.

Авторлардың үлесі:

Шұғай Айғаным – зерттеу тұжырымдамасын анықтау, дереккөздермен жұмыс жасау, зерттеудің практикалық бөлігін орындау.

Айзада Бултбаева – мәтінді өңдеу, нәтижелерді қорытындылау, аңдатпа жазу.

Вклад авторов:

Айғаным Шұғай – определение концепции исследования, работа с источниками, исполнение практической части исследования.

Айзада Бултбаева – редактирование текста, обобщение результатов, написание аннотации.

Authors contribution:

Aiganym Shugay – defining the research concept, working with sources, performing the practical part of the research.

Aizada Bultbayeva – text editing, summarizing results, writing abstract text.

Дәйеккөздер тізімі

Аманов, Бақдаулет, и Асия Мухамбетова. *Казахская традиционная музыка и XX век*. Алматы, Дайк-пресс, 2002.

Гаджибеков, Узаир. *Основы азербайджанской музыки*. Баку, 1945.

Faraj, Johnny. «The Arabic Maqam». *Maqamworld*, www.maqamworld.com/en/index.php.

Feldman, Walter. *Music of the Ottoman Court: Makam, Composition and the Early Ottoman Instrumental Repertoire*. vol. 177, Brill, 2023.

Junussova, Balzhan, Saule Utegalieva, and Dinara Bulatova. «Kazakh Prima-Kobyz and Kyrgyz Prima-Kiyak: The Experience of the Comparative Study». *Musicologist*, vol. 8, no. 2, 2024, pp. 210–232.

Öztürk, Okan Murat. «How was the traditional makam theory westernized for the sake of modernization?». *Rast Müzikoloji Dergisi* 6.1 (2018): 1769-1787.

Said, Edward W. *Orientalism*. Pantheon Books, 1978.

Sazer, Gönenç. «Formal Analysis of Fikret Amirov's Violin Work Named Mugham Poema». *Journal for the Interdisciplinary Art and Education*, vol. 4, no. 3, 2023, pp. 115–128.

Snyder, Hannah. «Literature Review as a Research Methodology: An Overview and Guidelines». *Journal of Business Research*, no. 104, 2019, pp. 333–339.

References

Amanov, Bakdaulet, and Assiya Mukhambetova. *Kazahskaja tradicionnaja muzyka i XX vek [Kazakh Traditional Music and the Twentieth Century]*. Almaty, Daik-Press, 2002. (In Russian)

Gajibekov, Uzeyir. *Osnovy azerbaidzhanskoy muzyki*. Baku, 1945. (In Russian)

Faraj, Johnny. «The Arabic Maqam». Maqamworld, www.maqamworld.com/en/index.php. Accessed 26 December 2024.

Feldman, Walter. *Music of the Ottoman Court: Makam, Composition and the Early Ottoman Instrumental Repertoire*. vol. 177, Brill, 2023.

Junussova, Balzhan, et al. «Kazakh Prima-Kobyz and Kyrgyz Prima-Kiyak: The Experience of the Comparative Study». *Musicologist*, vol. 8, no. 2, 2024, pp. 210–232.

Öztürk, Okan Murat. «How was the traditional makam theory westernized for the sake of modernization?». *Rast Müzikoloji Dergisi*, 6.1, 2018, pp. 1769–1787.

Said, Edward W. *Orientalism*. Pantheon Books, 1978.

Sazer, Gönenç. «Formal Analysis of Fikret Amirov's Violin Work Named Mugham Poema». *Journal for the Interdisciplinary Art and Education*, vol. 4, no. 3, 2023, pp. 115–128.

Snyder, Hannah. «Literature Review as a Research Methodology: An Overview and Guidelines». *Journal of Business Research*, no. 104, 2019, pp. 333–339.

Shugay Aiganym, Bultbayeva Aizada

Kurmangazy Kazakh National Conservatory
(Almaty, Kazakhstan)

FEATURES OF PERFORMING EASTERN MODES IN COMPOSITIONS FOR THE PRIMA QOBYZ

Abstract. This article analyzes the features of the use and performance of Eastern maqams in the repertoire of the prima-qobyz. The study focuses on two works: “*Eastern Dance*” by Yermurat Ussenov and “*Eastern Evening*” by Rustam Sabirov. In these compositions, Eastern maqams are employed as important artistic tools that expand the stylistic boundaries of the repertoire and diversify performance techniques. Contemporary musicians apply texture, fingering, and articulation techniques that reflect both the performance norms of the era and the individuality of the composers. These approaches enable qobyz players to creatively interpret Eastern maqams and contribute to the development of the instrument’s performance school. Furthermore, the compositions explore the interplay between cultural heritage and personal experience through their authenticity, poetic expression, and symbolic dimensions in contemporary art. Therefore, studying such performance practices is a relevant topic. *The aim* of the research is to identify the influence of Eastern modes on the national identity of the qobyz through a comparative analysis of their application and performance features in the selected compositions. The methodology includes musical analysis and a systematic literature review, which allow for an in-depth examination of stylistic and performance characteristics. The *findings* demonstrate that the performance interpretation of maqam-based compositions enhances prima-qobyz techniques, expands the stylistic landscape, and develops the artistic thinking of performers. The study highlights the continuity between traditional intonation and modern artistic language, offering guidance for composing new works and improving performers’ interpretive capacities by incorporating modal, fingering, and articulation techniques into the teaching process.

Keywords: prima qobyz, repertoire, identity, Eastern maqams, performance technique, interpretation, improvisation, cultural code.

Cite: Shugay, Aiganym, and Bultbayeva Aizada. “Features of performing eastern modes in compositions for the prima qobyz.” *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol.10, No.2, 2025, pp. 205–219, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.1050

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Шугай Айғаным, Бултбаева Айзада

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
(Алматы, Казахстан)

СПЕЦИФИКА ИСПОЛНЕНИЯ ВОСТОЧНЫХ ЛАДОВ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ДЛЯ ПРИМА-КОБЫЗА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования и исполнения восточных макамов в репертуаре прима-кобыза. *Объектом исследования стали* произведения Ермурата Усенова «Восточный танец» и Рустама Сабирова «Восточный вечер». В этих произведениях восточные макамы используются как важные художественные средства, расширяющие стилистические рамки репертуара и обогащающие исполнительские возможности. Современные музыканты применяют фактурные, аппликатурные и артикуляционные приёмы, отражающие как исполнительские нормы эпохи, так и авторскую индивидуальность. Подобные подходы позволяют кобызистам творчески интерпретировать восточные макамы и способствуют развитию исполнительской школы инструмента. Кроме того, эти произведения через поэтичность, символику и подлинность позволяют осмыслить связь между культурным наследием и личным опытом в контексте современного искусства. В связи с этим изучение таких исполнительских практик является *актуальным*. *Цель исследования* – выявить влияние восточных ладов на национальную самобытность кобыза посредством сравнительного анализа особенностей их применения и исполнения в указанных произведениях. В качестве методов выбраны музыкальный анализ и систематический литературный обзор, что позволяет раскрыть стилистические и исполнительские особенности репертуара. *В результате* исследования установлено, что интерпретация произведений, основанных на восточных макамах, способствует развитию техники игры на прима-кобызе, расширяет стилистическое пространство и развивает художественное мышление исполнителей. Полученные данные демонстрируют преемственность между традиционной интонацией и современным художественным языком, открывают возможности для создания новых музыкальных произведений, а также способствуют развитию интерпретационных навыков исполнителей и внедрению интонационных, аппликатурных и артикуляционных приёмов в образовательный процесс.

Ключевые слова: прима-кобыз, репертуар, самобытность, восточные макамы, исполнительская техника, интерпретация, импровизация, культурный код.

Для цитирования: Шугай, Айғаным, и Бултбаева Айзада. «Специфика исполнения восточных ладов в произведениях для прима-кобыза». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №2, 2025, с. 205–219, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.1050

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Авторлар туралы мәлімет:

Шұғай Айғаным — Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Қобыз және баян» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі (Алматы, Қазақстан).

Бултбаева Айзада Зейкеновна — Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры м.а., өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент (Алматы, Қазақстан).

Сведения об авторах:

Шугай Айғаным — магистр искусствоведения, преподаватель кафедры «Қобыз и баян» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0006-8424-5663
E-mail: aiganym.shugai@mail.ru

Бултбаева Айзада Зейкеновна — и.о. профессора кафедры «Музыковедение и композиция» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, кандидат искусствоведения, доцент (Алматы, Казахстан).

ORCID ID: 0000-0002-1615-267X
E-mail: aizada-bultbayeva@mail.ru

Information about the authors:

Shugay Aiganym — Master of Art degree, lecturer of the «Kobyz and bayan» department at the Kurmangazy Kazakh National Conservatory (Almaty, Kazakhstan).

Bultbayeva Aizada Z. — Acting Professor of the Department of Musicology and Composition at the Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Candidate of Art History, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan).